



Е Р Е Ж Е

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті»КеАҚ



Бекітемін

Басқарма төрағасы-ректордың м.а.

Ж. Жилбаев

19 сәуір 2024 ж.

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

4.04-2024 Е СМЖ

Нұсқа № 1
Тіркеу № 80
Дана № _____
Көшірме № _____

Павлодар қ.

АЛҒЫСӨЗ

1 Жұмыс тобымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

Жұмыс тобының жетекшісі – А.А. Жакиенова

**2 Басқарма төрағасы-ректордың м.а., 2024 ж. 19.09 № 629 нқ бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР: Ахметова Л.Н., Абдрахманова Д.К., Султанбаев С.А.,
Хамитова М.Е.

4 ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

1 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

6 ЕНГІЗІЛГЕН КҮНІ

2024.09.19.

Бұл ережені Өлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің басқарма төрағасы – ректордың міндетін атқарушының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға тыйым салынған.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	5
3	Анықтамалар	5
4	Дуальды элементтермен оқытуды ұйымдастыру	6
5	Дуальды оқыту жөніндегі құжаттар	6
6	Дуальды оқытудың мақсаттары мен міндеттері	6
7	Дуальды оқыту элементтерімен білім беру процесін ұйымдастырудың шарттары мен тәртібі	7
8	Дуальды оқытуды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары	10
9	Дуальды оқытуды ұйымдастыру процесінің алгоритмі	14
	А қосымшасы Оқу жоспарының нысаны	16
	Б қосымшасы Титул парағының, силлабустың бекіту парағының нысаны	19
	В қосымшасы Дуальды оқыту туралы шарт нысаны	21
	Г қосымшасы Академиялық күнтізбенің нысаны	27
	Д қосымшасы Оқу сабақтары кестесінің нысаны	29
	Е қосымшасы Дуальды оқыту күнделігінің нысаны	30
	Ж қосымшасы Келісу парағы	35
	И қосымшасы Танысу парағы	36
	К қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	37
	Л қосымшасы Кезеңдік тексерулерді есепке алу парағы	38

1 Жалпы ережелер

1.1 Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) техникалық және жоғары кәсіптік педагогикалық білімі, жалпы орта білімі бар, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген, күндізгі оқу нысанындағы білім алушылардың «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-да **дуальды оқыту элементтері** бар білім беру процесін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, шарттары мен тәртібін айқындайды.

1.2 Дуальды оқыту кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының (ҚР Еңбек кодексі, "Білім туралы" Заң) тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.

Осыған сәйкес университетте дуальды оқыту элементтерін енгізу қажетті ресурстарға ие университеттің білім беру ұйымының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде ЖОО-да оқытуды өндірістік оқытумен және білім беру ұйымдарында кәсіптік практикамен ұштастыра отырып, мектепке дейінгі, орта, техникалық, кәсіптік, қосымша, арнайы білім беру жүйесі үшін педагог кадрларды даярлау нысанын жүзеге асыруға бағытталған.

1.3 Университетте дуальды оқыту элементтерін енгізу педагог кадрларды даярлау деңгейін жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындатуды, кәсіптік даярлау сапасын арттыруды, оқытудың практикамен, білім беру жүйесімен байланысын нығайтуды, әлеуметтік әріптестікті дамытуды қамтамасыз етуге арналған.

1.4 Дуальды оқыту элементтерін енгізу екі форматта жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім беру базасында – теориялық оқыту университет базасында, өндірістік оқыту – білім беру ұйымы базасында сабақ кестесінде белгіленген күндер бойынша іске асырылады;
- ТжКБ және ЖЖКБҰ базасында - теориялық және өндірістік оқыту университет пен білім беру ұйымының базасында қатар жүзеге асырылады.

1.5 Дуальды оқыту элементтерін енгізу дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

1.6 Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртібі қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

1.7 Дуальды оқыту туралы шарт негізінде білім беру ұйымы өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді бекітеді.

1.8 Дуальды оқыту элементтерін енгізу бойынша университеттің жоғары мектептерінің қызметін үйлестіруді академиялық мәселелер жөніндегі департамент жүзеге асырады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережені әзірлеу кезінде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (№ 134-VII 04.07.2022 жылғы редакциясында)
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (№ 141-VII 14.07.2022 жылғы редакциясында)
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.
4. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
5. ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары.
6. "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы.
7. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ЖЖБД 2019 жылғы 29 қазандағы № 14-4/1610-1 хатпен жіберілген білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

3 Анықтамалар

Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

Дуальды оқыту туралы шарт - өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту үшін жұмыс орнын ұсынатын білім алушы білім беру ұйымы мен университет арасындағы өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту шарттары мен тәртібін регламенттейтін жазбаша келісім;

Өндірістік оқыту - білім беру ұйымдарының базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту;

Тәлімгер - заманауи білім беру технологияларын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын білім беру ұйымының білікті педагогі;

Білім беру ұйымдары - бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді (балабақша, мектеп, мектеп-интернат және т. б.) күтіп-бағуды және тәрбиелеуді қамтамасыз ететін заңды тұлғалар;

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік

модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

Білім беру бағдарламасы - оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

Кәсіптік практика - болашақ кәсіптік қызметпен байланысты жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындау процесінде теориялық білімді, іскерлікті бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі;

4 Дуальды элементтермен оқытуды ұйымдастыру

4.1 Дуальды оқытуға қатысушылар:

- "Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ;
- Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары;
- Университет білім алушылары, студенттері.

5 Дуальды оқыту жөніндегі құжаттар

Дуальды процесті ұйымдастыру үшін келесі құжаттар қолданылады:

- Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже;
- А қосымшасына сәйкес білім беру ұйымымен келісілген білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары;
- Білім беру бағдарламалары;
- Б қосымшасына сәйкес білім беру ұйымымен келісілген силлабус (оқу пәнінің оқу бағдарламасы);
- Кәсіптік практиканың бағдарламасы;
- ББ бойынша қорытынды аттестаттау бағдарламасы;
- В қосымшасына сәйкес дуальды оқыту туралы шарт;
- Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт;
- Білім алушыларды дуальды оқытуға қабылдау/ауыстыру туралы бұйрық;
- Білім беру ұйымының тәлімгерлерін және білім беру ұйымдары басшылары мен басшыларының орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауаптыларды бекіту туралы бұйрық;
- Г қосымшасына сәйкес академиялық күнтізбе, Д қосымшасына сәйкес оқу сабақтарының кестесі;
- Е қосымшасына сәйкес дуальды оқытудың күнделігі.

6 Дуальды оқытудың мақсаттары мен міндеттері

6.1 Дуальды оқытудың мақсаты: білім алушылардың жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жоғары кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын даярлау бағыттары бойынша сапалы игеруі, сондай-ақ олардың кәсіптік салада жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруі.

6.2 Дуальды оқытудың негізгі міндеттері:

- педагог кадрларды кәсіптік даярлауды жетілдіру,
- білім берудің сапасын жоғарылату;
- еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің нақты талаптарына сәйкес педагогтерді даярлау;
- оқытудың практикамен, білім беру жүйесімен байланысын нығайту;
- білім беру жүйесінің нақты жағдайларында білім алушыларға кәсіптік тәжірибе беру үшін жағдай жасау;
- кадрлық әлеуетті және жұмыс берушілердің материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- әлеуметтік әріптестікті дамыту.

6.3 Дуальды оқытуды ұйымдастыру мен өткізуге ББ басшылары, жоғары мектептердің декандары, академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің құрылымдық бөлімшелерінің, білім беру ұйымдарының басшылары дуальды оқыту туралы жасалған шарттарға сәйкес жауапты болады.

7 Дуальды оқыту элементтерімен білім беру процесін ұйымдастырудың шарттары мен тәртібі

7.1 Дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін университет жоғары мектеп декандарымен, ББ басшыларымен бірлесіп:

- дуальды оқыту туралы ережені әзірлейді және бекітеді,
- білім беру бағдарламасы негізінде дуальды оқытудың оқу жоспарларын, силлабустарды, кәсіптік практика және қорытынды аттестаттау бағдарламаларын, дуальды оқытудың күнделігін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту туралы шарт жасайды және қол қояды;
- студенттерді дуальды оқытуға іріктейді (білім алушылармен әңгімелесу нәтижелері бойынша);
- ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылармен, білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту және білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады;
- білім алушыларды дуальды оқыту нысанына қабылдауға/ауыстыруға бұйрық шығарады;
- академиялық күнтізбені әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп ЖОБ базасында білім алушылар үшін оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп білім беру ұйымдары басшылары мен басшыларының орынбасарлары қатарынан тәлімгерлер туралы және дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауаптылар туралы бұйрық шығарады;
- облыстық білім басқармасымен, білім беру ұйымдарымен бірлесіп даярлау бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және іске асырады.

7.2 Дуальды оқытуға көшу 3,4 курс білім алушылары үшін жеке өтініш бойынша, басшылығы дуальды оқыту элементтерін іске асыруға сәйкес даярлау бағыты бойынша білім беру ұйымы болған кезде мүмкін болады.

7.3 Дуальды оқыту элементтерімен оқуға түсу үшін техникалық немесе жоғары кәсіптік педагогикалық білімнің болуы және даярлық бағыты бойынша білім беру ұйымдарында жұмыс істеу шарт болып табылады.

Қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды дуальді оқыту нысанына ауыстыру тиісті даярлық бағыты бойынша білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін білім алушылар үшін мүмкін болады.

7.4 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кредиттік технологияға сәйкес жүзеге асырылады.

7.5 Дуальды оқыту элементтері бар оқу процесін ұйымдастыру теориялық, өндірістік оқытуды және кәсіптік тәжірибені қамтиды. Бұл ретте білім алушылардың игеруі үшін оқу материалын бөлу мынадай түрде айқындалады: ЖОО-да 30%, өндірісте 70%.

ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылар үшін теориялық және өндірістік оқыту университет пен білім беру ұйымының базасында қатар жүргізіледі.

Жалпы орта білім беру базасында 3,4 курс білім алушылары үшін – теориялық оқыту университет базасында, өндірістік оқыту – білім беру ұйымы базасында – сабақ кестесінде белгіленген күндер бойынша іске асырылады.

Өндірісте оқыту кезінде тәлімгерлер тағайындалады. Тәлімгерлер білім беру ұйымының штаттық қызметкерлері болуға, даярлық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты болуға тиіс, жоғарыда аталған біліктіліктер болмаған кезде "педагог-сарапшы"біліктілігіне жол беріледі.

Тәлімгердің білім сапасы, білім алушылардың тәрбие деңгейі бойынша жоғары көрсеткіштері болуы, педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы, білім беру ұйымының басшысы немесе басшысының орынбасары болмауы тиіс.

Тәлімгер ретінде 5 білім алушыға дейін бекітілуі мүмкін.

Тәлімгерлерге еңбекақы төлеу университет бекітілген нормалар бойынша жүргізіледі.

7.6 Білім беру бағдарламаларының басшылары оқу жоспарларына сәйкес дуальды оқыту элементтері бар білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді.

7.7 Оқытушылар, тәлімгерлер білім беру бағдарламасы, жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) және оқытудың үздік тәжірибелері негізінде оқыту әдістерін, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

7.8 Университет білім алушыларға оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар орналастырылған білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, "Платон" ААЖ-ға, электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

7.9 Оқу процесін ұйымдастыру университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілетін академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылар үшін академиялық күнтізбеде дуальды оқыту, байланыс сабақтарын, аралық және қорытынды

аттестаттауды, кәсіптік практикаларды, демалыс күндерін (демалыстар мен мерекелер) және оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері көрсетіледі.

ЖОБ базасында білім алушылар үшін өндірістік оқыту кезеңінде білім беру ұйымдарының базасына шығу күндері оқу сабақтарының кестесінде айқындалады.

Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

7.10 Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру кезінде ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылар үшін кәсіптік практика академиялық кезеңмен қатар жүргізіледі.

Кәсіптік практика бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізіледі.

Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

7.11 ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылар үшін дуальды оқыту элементтері бар оқу процесін ұйымдастыру үшін әр академиялық кезеңнің басында ұйымдастыру аптасы өткізіледі. Өткізудің мақсаты білім алушылардың, ЖОО оқытушылары мен тәлімгерлердің ББ оқу жоспары бойынша пәндерді меңгеру, дуальды оқыту күнделігін жүргізу және ағымдағы және аралық аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымымен өзара іс-қимыл тәртібін, оқыту нәтижелерін айқындау болып табылады.

Әр академиялық кезеңде университет базасында өткізілетін оқытушылармен байланыс сабақтары қарастырылған.

7.12 "Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ оқу процесін қажетті оқу-әдістемелік материалдармен (оқулықтар, оның ішінде электрондық, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, силлабустар, практика бағдарламасы және т.б.), оқу зертханаларымен, шеберханалармен сүйемелдейді, желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

7.13 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі Академиялық адалдық қағидаттарына, академиялық саясатқа және білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыра отырып айқындалады және сақталады.

Университет оқытушысы "Платон" ААЖ-да білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, сабаққа қатысуы туралы деректерді енгізеді.

Әрбір пән бойынша емтихан өткізу нысаны білім беру ұйымымен шарт жасасу және дуальды оқыту нысанына ауыстыру туралы бұйрық шығару кезінде ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылар үшін және ЖОБ базасында білім алушылар үшін ұйымдастыру аптасын өткізу кезеңінде тәлімгерлермен келісіледі.

Оқыту әдістемесімен байланысты пәндерді зерделеу кезінде ағымдағы аттестаттау (емтихан) үшін тәлімгермен бірлесіп білім беру ұйымының базасында сабақ (сабақ, тренинг және білім беру ұйымында пайдаланылатын оқытудың басқа да нысандары) әзірленеді және өткізіледі, өткізілетін сабақтың жазбасы

жүргізіледі. Сабақты дуальды оқыту күнделігінде тәлімгер талдайды және бағалайды.

Аралық бақылау бағасын және қорытынды бағаны ЖОО оқытушысы қояды. Тәлімгер қойған ағымдағы бағаларды ЖОО оқытушысы "Платон" ААЖ-ға көшіреді.

Білім алушыларды аралық аттестаттауды дуальды оқытуға қатысатын тәлімгерлерді тарта отырып, университет жүргізеді.

Толық оқу курсы аяқтағаннан кейін және кредиттердің қажетті санын игергеннен кейін білім алушы университетте қорытынды аттестаттаудан өтеді.

Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға "білім бакалавры" дәрежесі мен тиісті біліктілік беріледі және қосымшасы бар жоғары білім туралы диплом (транскрипт) беріледі.

7.14 Жоғары мектеп декандары, білім беру бағдарламаларының басшылары білім алушылардың білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін: жарғыны, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбекті қорғау, тіршілік қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі талаптарын және өзге де жергілікті актілерді сақтауына жауапты болады.

7.15 Білім басқармасы жылына екі рет, қыркүйек және қаңтар айларында ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылардың дайындық бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында жұмыс істейтіні туралы деректерді растайды.

7.16 Жоғары мектеп декандары білім беру бағдарламаларының басшыларымен бірге оқу жылы ішінде дуальды оқытудың іске асырылуына мониторинг жүргізеді, оқу жылының соңында есеп қалыптастырады және оны академиялық мәселелер жөніндегі департаментке ұсынады.

7.17 Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің цифрлық білім бөлімі жыл сайын дуальды оқытудың іске асырылуына мониторинг жүргізеді, есепті қалыптастырады және ЖОО басшылығына ұсынады.

8 Дуальды оқытуды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары

8.1 Университеттің функциялары:

- оқу процесіне қажетті жағдай жасайды;
- дуальды оқыту туралы ережені әзірлейді және бекітеді,
- білім беру бағдарламалары негізінде оқу жоспарлары мен силлабустарды, кәсіптік практика бағдарламаларын, дуальды оқыту күнделігін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту туралы шарт жасайды және қол қояды;
- ТЖКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылармен, білім беру ұйымдарымен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады;
- білім алушыларды дуальды оқыту нысанына қабылдауға / ауыстыруға бұйрық шығарады;
- академиялық күнтізбені және оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді;

- білім беру ұйымдарымен бірлесіп ЖОБ базасында білім алушылар үшін оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп білім беру ұйымдары басшылары мен басшыларының орынбасарлары қатарынан тәлімгерлер туралы және дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауаптылар туралы бұйрық шығарады;
- облыстық білім басқармасымен, білім беру ұйымдарымен бірлесіп даярлау бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және іске асырады;
- университетте аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастырады және өткізеді;
- білім алушыны аралық және қорытынды аттестаттау кезінде дуальды оқыту бағдарламасын игеру нәтижелерін есепке алуды және мониторингтеуді қамтамасыз етеді;
- білім алушылардың МЖБС, оқу жоспары мен білім беру бағдарламасына сәйкес толық көлемде білім алуына жауапты болады;
- білім алушылардың педагогикалық этика, академиялық адалдық қағидаттары мен нормаларын сақтауына жауап береді;
- оқу ұйымына жұмыс орнынан растайтын анықтама ұсынылғаннан кейін орындалған тапсырмалар үшін бағаларды уақтылы (емтихан сессиясы басталғанға дейін) қою және дуальды оқыту күнделігінде студентке кері байланысты толтыру кезінде тәлімгерге ақы төлейді;
- білім алушылардың білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін Жарғыны, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбекті қорғау, тіршілік қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарын және өзге де жергілікті актілерді, білім беру ұйымының мүлкін пайдалану жөніндегі талаптарды сақтауына жауап береді;
- санитариялық қағидаларға, еңбекті қорғау, тіршілік қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін білім беру ұйымының базасында білім алушылар үшін дуальды оқытудан өтудің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етеді.

8.2 Білім беру ұйымының функциялары:

- университетпен дуальды оқыту туралы шарт жасасады;
- университетпен бірлесіп ЖОБ базасында білім алушылар үшін оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді;
- жылына екі рет, қыркүйек және қаңтар айларында ТжКБ және ЖЖКБҰ базасында білім алушылар даярлық бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында жұмыс істейтіні туралы деректерді растайды;
- білім алушыға оқытудың барлық кезеңіне тәлімгерді және білім беру ұйымдары басшылары мен басшыларының орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғаларды айқындайды;
- университетке тәлімгер туралы, жауапты тұлғалар бұйрық шығаруға және білім беру ұйымдары басшылары мен басшыларының орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғалар туралы мәліметтерді береді;
- өндірістік оқыту, кәсіптік практикадан өту үшін орындарды ұсынады және қауіпсіз жағдайлар жасайды және шартта көзделген міндеттерді орындайды;
- оқу жоспарына, білім беру бағдарламасына, оқу пәндерінің бағдарламаларына (силлабустарға) және кәсіптік практика бағдарламасына сәйкес

өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- Жарғымен, жұмыс жағдайларымен, нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен таныстырады;

- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамада және білім беру ұйымының жергілікті құжаттарында көзделген нұсқаулықтардың барлық түрлерін жүргізеді;

- университетпен бірлесіп даярлау бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және іске асырады.

8.3 Білім алушылардың функциялары:

- жұмыс жағдайларымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен танысады;

- оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, білім беру ұйымының Жарғысын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды сақтайды;

- педагогикалық этика, академиялық адалдық қағидаттары мен нормаларын сақтайды;

- академиялық күнтізбеде/кестеде оқу сабақтарының кестесінде белгіленген мерзімде өндірістік оқыту үшін білім беру ұйымының, теориялық оқыту үшін университеттің қарамағына келеді.

Білім беру ұйымына/университетке келмеген жағдайда, тиісінше тәлімгерге, кураторға, оқытушыға болмау себебін хабарлайды. Ауру кезінде бір апта ішінде медициналық анықтама береді.

- жоғары білімнің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды толық көлемде меңгереді;

- пәндердің оқу бағдарламаларына (силлабустарға) және академиялық күнтізбеге сәйкес білім беру бағдарламасын меңгереді;

- дуальды оқыту және кәсіптік практика күнделігін жүргізеді, оқытушы-тәлімгерге атқарылған жұмыс туралы есеп береді;

- тәлімгермен келісім бойынша оқыту кезінде қажетті жабдықтарды, аспаптарды, құралдарды, әдебиет қорын, зертханалық базаны, білім беру ұйымының компьютерлік техникасын пайдаланады;

- материалдық-техникалық базаға, мүлікке, жабдыққа, білім беру ұйымы мен университеттің құжаттамасына ұқыпты қарайды, оны ұтымды пайдаланады, оқу үшін қалыпты жағдай жасауға қатысады;

- академиялық кезең аяқталғаннан кейін университет базасында емтихан сессиясының кестесіне сәйкес аралық аттестаттаудан өтеді;

- толық оқу курсы сәтті аяқтағаннан кейін және қажетті кредиттер санын игергеннен кейін университетте қорытынды аттестаттаудан өтеді;


- базасында оқитын студенттер білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген балдардан кем емес нәтижелермен "педагог" біліктілік санатына педагогтердің білімін бағалау рәсімінен өтеді;

- өндірістік оқыту және кәсіптік практика процесінде білім беру ұйымы туралы құпия ақпаратты жария етпейді.

8.4 Тәлімгердің функциялары:

- білім алушылардың оқу-өндірістік қызметін мақсаттар мен міндеттерді, оқытылатын пәндерді, кәсіптік практиканы ескере отырып ұйымдастырады, білім алушыны оқытады;
- білім алушыға білім беру қызметімен, білім беру ұйымының корпоративтік мәдениетімен және педагогтердің кәсіби дамуымен танысуға жәрдемдеседі;
- білім алушыны лауазымдық міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындаудың практикалық тәсілдері мен тәсілдеріне үйретеді;
- білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылайды;
- білім алушының жіберген қателіктерін анықтайды және бірлесіп жояды, бар кемшіліктерді жоюға көмек көрсетеді;
- білім алушының өзінің кәсіби міндеттерін орындауда жауапты қарым-қатынасын, сондай-ақ жұмыс жөніндегі әріптестеріне құрметпен қарауын қалыптастырады;
- білім беру бағдарламасының бейіні бойынша мұғалімнің кәсіби қызметінің негіздерін түсіндіреді, оны орындау әдістеріне түсініктеме береді;
- білім беру ұйымының тікелей басшысының келісімімен білім алушыны оқыту үшін басқа педагогтарды қосады;
- білім алушыдан білім беру қызметіне байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды, практикалық тапсырмаларды орындауды талап етеді;
- білім алушылардың білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын, санитарлық, өртке қарсы және өзге де жалпыға міндетті нормаларды және қағидаларды сақтауын, оларды практикалық оқытуға байланысты барлық мәселе бойынша нұсқауларды орындауын бақылайды;
- басшылық алдында өз қамқорлығындағыларды өндірістік оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау туралы өтініш жасайды;
- ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, оның барлық кезеңдерінде оқыту нәтижелерін бағалауды жүргізеді;
- оқу, жоспарлау құжаттамасының, оның ішінде қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және гигиена талаптарының жүргізілуін бақылайды;
- дуальды оқыту күнделігін жүргізуді талап етеді;
- ЖОО оқытушысын білім беру ұйымы базасында оқыту процесі, пәнді меңгеру, оқытудың ағымдағы нәтижелері және білім алушының мінез-құлқы туралы хабардар етеді;
- дуалды оқыту күнделігіне жазбаларды уақтылы енгізеді,
- ағымдағы бағаларды уақтылы белгілейді;
- талап ету бойынша оқу ұйымына жұмыс орнынан растайтын анықтама ұсынады;
- білім алушының білім беру, қоғамдық қызметіне байланысты мәселелерді талқылауға қатысады, білім беру ұйымының басшысына оны көтермелеу және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді.

9 Дуальды оқытуды ұйымдастыру процесінің алгоритмі



Алгоритм	Процесс қадамдары	Жауапты	Қатысушы	Шығару құжаттары
	1. Оқытудың осы нысанын енгізудің орындылығы мен өзектілігін айқындау үшін студенттердің және еңбек нарығының қажеттіліктерін зерделеу	ЖМ	Университет, білім беру ұйымдары	Сауалнама нәтижелері
	2. «Дуальды оқыту туралы ереже»-ні әзірлеу	Жетекші ЖТ	АМД, ЖМ	Дуальды оқыту туралы ереже
	3. Талапкерлерден дуальді оқуға құжаттарды қабылдау	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы	Университет, талапкерлер	Студенттің жеке ісі
	4. Студенттер қатарына қабылдау және ұйымдармен және білім алушылармен шарттар жасасу	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы	Университет, білім алушы білім беру ұйымы	Студенттерді дуальды оқуға қабылдау туралы бұйрық, дуальды оқыту туралы шарт
	5. Тәлімгерлерді тағайындау және студенттерді бөлу	Оқу процесін ұйымдастыру	ЦББ	Университет, білім алушы білім беру ұйымы
	6. Оқу процесін ұйымдастыру	ЦББ	АМД, ЖМ	Тәлімгерлерді тағайындау туралы бұйрық ББ, ЭОӘК, оқу жоспары, академиялық күнтізбе, сабақ кестесі
	7. Үлгерім мониторингі және бақылау	ЦББ	Білім алушы, ЖМ, АМД	Дуалды оқыту күнделігі, жұмыс орнынан анықтама

	8. Білім алушылар қатарынан шығару	ЖМ	Білім алушы, ЖМ, АМД	Дуалды оқыту күнделігі, жұмыс орнынан анықтама оқудан шығару туралы бұйрық
	9. Қорытынды аттестаттау	ЖМ	Білім алушы, наставники, ЖМ, АМД	Жоғары білім туралы диплом

А қосымшасы
(міндетті)

Н.4 – 81

Оқу жоспарының нысаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ/МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН																																						
ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ/ ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ																																						
ОҚУ ЖОСПАРЫ/УЧЕБНЫЙ ПЛАН															Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді/Утверждено на заседании Ученого совета университета																							
Білім беру бағдарламасы/ Образовательная программа - 6B01000 – атауы / 6B01430 – название ОП															20 __ ж. ____ № _____ хаттамасы/протокол																							
Білім беру траекториясы/Образовательная траектория - (траекториясының атауы)/(название траектории)																																						
Оқу түрі/Форма обучения – күндізгі, техникалық және кәсіптік білім беру негізінде /очная на базе технического и профессионального образования															Ғылыми кеңесінің төрағасы/Председатель Ученого совета _____ Ж.Жилбаев																							
Оқу мерзімі/Срок обучения – 2 жыл/2 года																																						
Түскен жылы /Год поступления – 20__ жыл/ год																																						
Біліктілік/Квалификация - _____																																						
Берілетін дәреже/ Присуждаемая степень – “6B01000 – атауы ” білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры /бакалавр образования по образовательной программе “6B01000 название ”																																						
Пәннің ішкі/Внутр. дисциплины	Пәннің коды/Код дисциплины	Модульдің атауы/Название модуля	Оқу пәндерінің атауы/Наименование учебных дисциплин	Кредитор саны/Количество кредитов	Бақылау нысанлары/Формы контроля		ОҚБ / СПО	Академиялық сағаттағы студенттер жұмысының көлемі/Объем работы студентов в академических часах					1 курс				2 курс				Кредитор саны/Количество кредитов	Аптасына академиялық сағат саны/ Количество академических часов в неделю				Кредитор саны/Количество кредитов	Аптасына академиялық сағат саны/ Количество академических часов в неделю											
					семестр бойынша өткізілетін оқу сағаттары	Курс жұмысы/Курсовая работа		Кредитор саны/Количество кредитов	Барлығы/Итого	Теория	Лаборатория (в ВУЗе)	Практические занятия (в ВУЗе)	Дуалық (б.шөк.)	СОЖ/СРСЛ	СОЖ/СРС	Промежуточная аттестация	1 семестр			2 семестр			3 семестр			4 семестр												
																	15 апта/неделя			15 апта/неделя			15 апта/неделя			15 апта/неделя												
																	Кредитор саны/Количество кредитов	Лаборатория (в ВУЗе)	Практика (в ВУЗе)	Дуалық (б.шөк.)		СОЖ/СРСЛ	Кредитор саны/Количество кредитов	Лаборатория (в ВУЗе)	Практика (в ВУЗе)	Дуалық (б.шөк.)	СОЖ/СРСЛ	Кредитор саны/Количество кредитов	Лаборатория (в ВУЗе)	Практика (в ВУЗе)	Дуалық (б.шөк.)	СОЖ/СРСЛ	Кредитор саны/Количество кредитов	Лаборатория (в ВУЗе)	Практика (в ВУЗе)	Дуалық (б.шөк.)	СОЖ/СРСЛ	
Жалпы білімді модуль/Общие обязательные модули/Жалпы білімді пәндер/Общеобразовательные дисциплины (ООД)					56			1770	59	90	15	15		15	30	15			3	1	1		1			3	1	1		1								
Міндетті компонент/Обязательный компонент					51			1620	54	90	15	15		15	30	15			3	1	1		1			3	1	1		1								
ЖБП/ООД	МК/ОК	KKZT/SIK 1101	1. Тарихи-дүниетанымдық құндыреттілік / Историко-мировоззренческих компетенций	Қазақстан тарихы (МЕ)/История Казахстана (ДОТ)	5	2		60	2	90	15	15		15	30	15			3	1	1		1															
ЖБП/ООД	МК/ОК	FI 2102		Философия	5	3п		150	5										3	1	1		1															
ЖБП/ООД	МК/ОК	ICT/IKT 2103		2. Аспаптық-коммуникативтік модуль / Инструментально-коммуникативный модуль	Ақпараттық -коммуникациялық технологиялар /Информационно-коммуникационные технологии	5	1п		150	5																												
ЖБП/ООД	МК/ОК	Sh 1104 / IYa 1104			Шетел тілі /Иностранный язык	10	1п		300	10																												
ЖБП/ООД	МК/ОК	K(O)T1105/ K(R)Ya 1105	Қазақ (Орыс) тілі/Казахский (Русский) язык		10	1п		300	10																													
ЖБП/ООД	МК/ОК	AT/Zox 1106	3. Әлеуметтік-саяси білім / Социально-политических знаний	Әлеуметтану//Социология	2	1п		60	2																													
ЖБП/ООД	МК/ОК	ST/Pol 1107		Саясаттану// Политология	2	1п		60	2																													
ЖБП/ООД	МК/ОК	MT/Kul1108		Мәдениеттану// Культурология	2	2п		60	2																													
ЖБП/ООД	МК/ОК	PS/PS 1109		Психология// Психология	2	2п		240	8																													
ЖБП/ООД	МК/ОК	DSB/FK 1107	4. Салуатты өмір салты / Здорового образа жизни	Дене шынықтыру/Физическая культура	8	1п		240	8																													
ЖОО компоненті және (немесе) таңдау бойынша компонент///Вузovsky и (или) компонент по выбору					5			150	5																													
ЖБП/ООД	ТК/КВ	KBN/ OPB/ RZhZME/RZhMEK 1108	7. Мұғалім рефлексиялық практика ретінде / Учитель как рефлексивный практик	Экономика және құқық негіздері/Основы экономики и права // Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері/ Основы антикоррупционной культуры // Экология және тіршілік қауіпсіздігі/Экология и безопасность жизнедеятельности//Кәсіпкерлік дағдылары/Навыки предпринимательства//Ғылыми зерттеу	5	3п		150	5																													

Бағалық модуль/Базовые модули/Бағалық пәндер/Базовые дисциплины				106			1080	36	1920	45	450	225	225	780	195	26		13	6	6	19	1	8	4	4	18	2	6	4	4	6		3	1	1	
ЖОО компоненті /// Вузовский компонент				47			780	26	450	45	75	60	60	150	60						4	1	1	1	1	16	2	4	3	3						
БП/БД	ЖК/ВК	3201	6. Оқыту үшін сабақ беру және бағалау / Преподавание и оценивание для обучения	Оқыту әдістері мен технологиялары/ Методы и технологии преподавания	5	3			150	15	15	15	15	75	15											5	1	1	1	1						
БП/БД	ЖК/ВК	4106		Сыныпты басқару/ Управление классом	3	3			90	15	15	15	15	15	15	15											3	1	1	1	1					
БП/БД	ЖК/ВК	2104	5. Білім алушыларды тұлға ретінде қолдау / Поддержка обучающихся как личностей	Балалардың жас және физиологиялық даму ерекшеліктері/ Возрастные и физиологические особенности развития детей	3	2п		60	2																											
БП/БД	ЖК/ВК	3108		Инклюзивті білім беру ортасы/ Инклюзивная образовательная среда	3	3			90	15	15	15	15	15	15	15											3	1	1	1	1					
БП/БД	ЖК/ВК	4202		Педагогикалық зерттеулер/ Педагогические исследования	4	2п		120	4																											
БП/БД	ЖК/ВК	1103	9. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 2 / Учитель как фасилитатор обучения - 2	Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары/Наука об образовании и ключевые теории обучения	3	3п		90	3																											
БП/БД	ЖК/ВК	2207		Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары / Психология в образовании и концепции взаимодействия и коммуникации	4	1п		120	4																											
БП/БД	ЖК/ВК	2211		Педагогикалық практика / Педагогическая практика, - Психологиялық-педагогикалық бағалау/Психолого-педагогическое оценивание	2	2п		60	2																											
БП/БД	ЖК/ВК	1209	8. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 1 / Учитель как фасилитатор обучения - 1	Педагогикалық практика/Педагогическая практика, 1-курс -Мұғалім мамандығына кіріспе / Введение в профессию учителя	2	1п		60	2																											
БП/БД	ЖК/ВК	1112		Педагогикалық мамандыққа кіріспе / Введение в педагогическую профессию	3	1п		90	3																											
БП/БД	ЖК/ВК	2210		Бағалау және дамыту/Оценивание и развитие	4	2			120	15	15	15	15	45	15							4	1	1	1	1										
БП/БД	ТК/КВ	МТ/ ТМ 1211	Модуль 8 Музыкалық-теориялық/Музыкально-		6	6п		180	6																											
БП/БД	ЖК/ВК	МРОА /МРМ 3212	10. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 3 / Учитель как фасилитатор обучения - 3		5	3			150		30	15	15	75	15												5		2	1	1					
Таңдау бойынша компонент/Компонент по выбору				59			300	10	1470		375	165	165	630	135	26		13	6	6	15		7	3	3	2		2	1	1	6		3	1	1	
БП/БД	ТК/КВ	1. S/S 2.STT/TTS 1215	Модуль 8		4	1			120		30	15	15	45	15	4		2	1	1																
БП/БД	ТК/КВ	1.G/G 2.GTN/POG 2116			4	1			120		30	15	15	45	15	4		2	1	1																
БП/БД	ТК/КВ	1.MBST/ZTMO 2.ZMT/SMT 4117	Модуль 7. Психологиялық-педагогикалық /		6	1		30	1	150		30	15	15	75	15	5		2	1	1															
БП/БД	ТК/КВ	1.AV/AV 2.VO/VI 2118	Модуль 9		3	1			90		30	15	15	15	15	3		2	1	1																
БП/БД	ТК/КВ	1.EV/EV 2.AMN/OAM 2217			3	1			90		30	15	15	15	15	3		2	1	1																
БП/БД	ТК/КВ	1.DDN/ODN 2.HD/HD 2(3)218			8	2		120	4	120		30	15	15	45	15						4		2	1	1										
БП/БД	ТК/КВ	1.ORD/PSHR 2.MTSKUTA/TMOVDD 4218	Модуль 7. Психологиялық-педагогикалық /		6	3			180		45	15	15	90	15																6		3	1	1	
БП/БД	ТК/КВ	1.DAMP/RVID// 2.DAAN/OTP 1-4219			13	1			390		90	30	30	225	15	7		3	1	1	6		3	1	1											
БП/БД	ТК/КВ	1.FEA/FEA 2.O/O 3(4)220	Модуль 9		12	3			150	5	210		60	30	30	75	15				5		Құжырып тсыз керуге йым сал ады													

Кәсіптендіру модульдер/Профилирующие модули/Кәсіптендіру пәндер/Профилирующие дисциплины				69			450	17	1290	45	165	90	105	795	90	4	2	1	1	8		4	1	2	12			24	3	5	4	4				
Таңдау бойынша компонент//Компонент по выбору				69			450	17	1290	45	165	90	105	795	90	4	2	1	1	8		4	1	2	12			24	3	5	4	4				
КП/ПД	ЖК/ВК		5. Білім алушылардың тұтаға ретінде қолдау / Поддержка обучающихся как личностей	Оқытуды жоспарлау және оқытуды дараулау/Планирование преподавания и индивидуализация обучения	4	2п		120	4																											
КП/ПД	ЖК/ВК		11. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде 4 / Учитель как фасилитатор обучения 4	Зерттеулер, даму және инновациялар/ Исследования, развитие и инновации	5	3		150	15	15	15	15	75	15											5	1	1	1	1							
КП/ПД	ТК/КВ		1.KMT/IKM 2.KMM/ KKM	Модуль 10	6	4		90	3	90	15	15	15	15	15	15													3	1	1	1	1			
КП/ПД	ТК/КВ		1.ShMT/IZM 2.AMM/ MMK		6	4		90	3	90	15	15	15	15	15	15													3	1	1	1	1			
КП/ПД	ТК/КВ		1.ZhF/OF 2.SON/OS 2303	Модуль 9	9	2		150	5	120		30		15	60	15				4		2		1												
БП/БД	ТК/КВ		1.HS/HK 2.VA/VA 3204		8	2,3			240		60	30	30	105	15	4		2	1	1	4		2	1	1											
КП/ПД	ТК/КВ		1.MShT/AMP 2.MShT/AIMP 4405	12. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 5 / Учитель как фасилитатор обучения - 5	3	4			90	15	15	15	15	15	15														3	1	1	1	1			
КП/ПД	ЖК/БК		1. DUA/ MOIP 2.MMOSH/ IMUM 4206		5	4			150		30	15	15	75	15															5		2	1	1		
КП/ПД	ЖК/БК	OPP/PPP 4307	11. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 4 / Учитель как фасилитатор обучения - 4	Педагогикалық практика/Педагогическая практика, - Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар/Исследования и инновации в образовании	15	3,4			450					450														7		8						
КП/ПД	ЖК/БК	PP/PP 4308	12. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 4 / Учитель как фасилитатор обучения - 4	Педагогикалық практика/Педагогическая практика, - Педагогикалық тәсілдер/Педагогические подходы	6	3п		120	6																											
КП/ПД	ЖК/БК	DAP/PP 4309	12. Мұғалім оқытудың фасилитаторы ретінде - 5 / Учитель как фасилитатор	Дипломалды практика/ Преддипломная практика // Педагогикалық практика/ Педагогическая практика, 4-курс - Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар/Исследования и инновации в образовании	2	4			60					60															2							
Теориялық оқыту бойынша/Итого теоретическое обучение					231			3300	112	3300	105	630	315	345	1605	300	30		15	7	7	30	2	13	5	7	30	2	6	4	4	30	3	8	5	5
Емтихандар саны/ Количество экзаменов					45														7			30	9				6				8					
Курстық жұмыстар саны/Количество курсовых работ																			7				7				4				5					
Корытынды аттестациясы /Итоговая аттестация					ESTC кредиттер саны/Кол-во кредитов ESTC										Семестр		Апта саны/Кол-во недель			Сағат саны/Кол-во часов																
Кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру 1/Подготовка и сдача комплексного экзамена 1					9										6		6			270																
Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру/Написание и защита дипломной работы (проекта)или подготовка и сдача комплексного экзамена 2,3																																				
Жоспар МЖМБС және элективті пәндер каталогі негізінде жасалған /План разработан на основе ГОСО и каталога элективных дисциплин																																				
20__ж. №__хаттама, университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында мақұлданды /Одобрено на заседании учебно-методического совета университета, протокол №__от__г.																																				
Университеттің ОӘК төрағасы/ Председатель УМС университета																																				
АМ жөніндегі департаменттің директоры/ Директор департамента по АВ																																				
ОӘБ бастығы /Начальник УМО																																				
Мансап орталығының бастышы/Начальник центра карьеры																																				
Согласованная с предприятием (организацией) (Атауы/ Название) (подпись)_____ (МП)_____																																				

Б қосымшасы
(міндетті)

Н.4-124

Титул парағының, силлабустың бекіту парағының нысаны

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ

ЖМ _____
(атауы)

Бекітемін
Басқарма мүшесі-академиялық
мәселелер жөніндегі проректор

(қолы) (аты-жөні, тегі)
_____ 20 __ ж

_____ пәні бойынша
(пәннің атауы)

СИЛЛАБУС

білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін

(ББ атауы және коды)

Павлодар қ.

Б қосымшасының жалғасы**Титул парағының, силлабустың бекіту парағының нысаны****Н.4-125**

_____ пәні бойынша
(оқу жоспары бойынша пәннің толық атауы)

_____ ББ білім алушыларына

_____ (код және толық атауы)

СИЛЛАБУС

Құрастырушы: _____
(Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы, қолы)

Силлабус білім беру бағдарламасы, оқу жоспары негізінде жасалған.

ББ жетекшісі _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

АЖЖСҚ жөніндегі Комитетінің отырысында ұсынылған 20____ ж. _____

№____ хаттама

АЖЖСҚ жөніндегі Комитетінің төрағасы _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

_____ ЖМ Кеңесімен мақұлданды 20____ ж. _____

№____ хаттама

Кеңес төрағасы _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

ОӘБ –мен келісілді

ОӘБ бастығы

_____ 20____ ж.
(қолы) (аты-жөні, тегі) (күні)

Білім беру ұйымымен келісілді
(дуальды оқыту элементтері бар ББ үшін)

_____ (лауазымы, жұмыс орны)
_____ 20____ ж.
(қолы) (аты-жөні, тегі) (күні)

М.О.

В қосымшасы
(міндетті)

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ
№ _____ ШАРТ

Павлодар қаласы

20__жылғы _____

Бұдан әрі «Марғұлан университеті» деп аталатын «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан Жарғы негізінде әрекет етуші (27.01.2023 жылғы № KZ52LAA00033312 білім беру қызметін жүргізу құқығына мемлекеттік лицензия) басқарма төрағасы-ректорының м.а. Жанбол Октябрьович Жилбаев бір жағынан, бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын

(білім беру ұйымның атауы),

атынан

негізінде әрекет етуші

(Жарғы, Ереже. Сенімхат, Бұйрық немесе басқа уәкілетті тұлға),

(құжаттардың

реквизиттері)

(білім беру ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы),
екінші жағынан және бұдан әрі «Білім алушы» деп аталатын азамат (ша)

(Тегі, аты, әкесінің аты),

үшінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар педагогтарды даярлаудың сапасын арттыру саласындағы ынтымақтастықты ары қарай дамыту, олардың кәсіптік саладағы жұмыстың практикалық дағдыларын алуы және дуальды оқыту элементтерін енгізу мақсатында төмендегілер жайлы осы дуальды оқыту туралы шарт (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Марғұлан университеті және білім беру ұйымы көрсетілген қызметтерді толық төлеу және қорытынды аттестаттаудан өту шартымен білім туралы құжатын беру және бакалавр дәрежесін беру, _____ оқу мерзімімен күндізгі оқу нысаны бойынша Қазақстан Республикасындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келетін

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарына сәйкес білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін ұсыну және дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі міндетті өзіне қабылдайды.

1.2 Осы шартта Тараптар өзінің өзара қатынасында дуальды оқыту туралы ережесін, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын, білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік

жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін басшылыққа алады.

1.3 Осы шартта ескертілмеген барлық құқық пен міндет дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ережесінде көрсетілгендей орындалады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1 Марғұлан университеті:

2.1.1 Осы шарт талаптарының орындалуын білім беру ұйымынан талап етуге;

2.1.2 Осы білім беру ұйымында білім алушылардың жұмысы туралы толық және дәйекті ақпарат растауды және білім алушылардың жұмыс орнының қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайларының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;

2.1.3 Білім алушылардың білім беру ұйымдарының базасында өндірістік практикадан және кәсіптік практикадан өтуі туралы толық және дәйекті ақпарат алуға;

2.1.4 Мынадай себептер бойынша: академиялық адалдық қағидаттарын, ішкі тәртіптеме ережелерін және Марғұлан университеті мен білім беру ұйымының Жарғысын бұзғаны үшін, басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге жағдайларда шарт міндеттерін орындамағаны үшін Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

2.2 Білім беру ұйымы:

2.2.1 Марғұлан университетінен осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге;

2.2.2 Оқыту кезеңінде Марғұлан университетінен білім алушылар туралы барлық қажетті ақпаратты, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік құжаттаманы ұсынуды талап етуге;

2.2.3 Білім алушылардан білім беру бағдарламасы оқу жоспарының пәндерін уақытылы және дәл орындау мен игеруді талап етуге;

2.2.4 Білім беру ұйымының базасында білім алушылардың өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өтуін бақылауды жүзеге асыруға;

2.2.5 Білім алушыларға білім беру ұйымында қолданылатын Жарғы, ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелерін, еңбекті қорғау, тіршілік қауіпсіздігінің және өрт қауіпсіздігінің, санитариялық ережелерін және өзге жергілікті актілердің талаптарын, білім беру ұйымының мүлкін пайдалану бойынша талаптарын, педагогикалық әдеп, академиялық адалдық қағидаттары мен нормаларын бұзған кезде ықпал ету шараларын (ескерту, оқу сабақтарынан шеттету, жоғары оқу орнына хат) қолдануға құқылы.

2.3 Марғұлан университеті және білім беру ұйымы:

